

Жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Ақсу қаласы әкімінің м.а. 2024 жылғы 7 қазандағы № 9 шешімі . Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қаласы әкімінің 2025 жылғы 17 ақпандағы № 4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қаласы әкімінің 17.02.2025 № 4 (алғашқы ресми жарияланған кейін он жұмыс күні өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48-бабына және 50-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрі міндетін атқарушының 2023 жылғы 10 мамырдағы "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларлардың сипаттамасын белгілеу туралы" № 240 бұйрығына сәйкес, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі қалалық комиссияның 2024 жылғы 2 қазандағы № 6 шұғыл орысының хаттамасы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Ақсу қаласының аумағында жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Төтенше жағдайды жою басшысы болып Ақсу қаласы әкімінің орынбасары Р.И. Тлявкаев тағайындалсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақсу қаласының әкімінің міндетін атқарушысы

М. Зенов